

**Байғанин ауданының Қоғамдық кеңесінің отырысының
№4 хаттамасы**

2023 жыл «30» мамыр
ауылы

Қарауылкелді

Отырысқа шақырылғандар: Байғанин ауданы Қоғамдық кеңесінің мүшелері. Қатысты – 7 адам, сонымен қатар отырысқа аудандық депутаттар, Байғанин аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Д.Қоштанбеков, Байғанин балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Қ.Қазанбаев қатысты.

Күн тәртібінде:

1. Байғанин аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің атқарған жұмыстары туралы
2. «Байғанин балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ атқарған жұмыстары туралы

Б.Тажімұратов

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері! Бүгінгі отырысқа Қоғамдық кеңестің 11 мүшесінен 7 мүшесі қатысып отыр. Күн тәртібінде қаралып жатқан мәселе бойынша сөз Байғанин аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Д.Қоштанбековке беріледі.

Тыңдалды: Байғанин аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Д.Қоштанбековтың баяндамасы (*баяндама қоса жалғанды*)

Баяндамашыға сұрақ бола ма?

Сұрақ –Ергалиев А: Орталықта салынған ойын алаңы қай мекеменің балансында тұр?

Жауап: Ол ойын алаңы Темірқазық пен спорт бөлімінің балансында жоқ.

Сұрақ –Ергалиев А: Ат спорты қалай дамуда?

Жауап: ат спортына ақша қарастырылмаған, ол кісілер сіздердің мақтау қағаздарың, медальдарың керек емес, бізге ақшалай қаржы керек дейді.


Тыңдалды: Байғанин балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Қ.Қазанбаевтың баяндамасы тыңдалды (*баяндама қоса жалғанды*)

Баяндамашыға сұрақ бола ма? Сұрақ болған жоқ

Ұсыныс

1. Жалпы халықтық жазғы марафон ұйымдастыру.
2. Байғанин балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің жүзуден жаттықтырушыға ауылдан үй беруге жағдай жасау ұсынылсын.

Төраға



Б.Тажімұратов

Хатшы



А.Биржарова